

ҚАЛИҚАН ЫСҚАҚОВ

БӨДЕ РЕКВИЕМ

"Қызға қырық үйден тыйым" дегенді бала күнімізден естігенбіз. Мәнісін ешкім түсіндірмесе де түйсікпен бойға сіңген, бергісі отбасының, арғысы өзін, ұрпағын сыйлайтын халықтың тектіліктен туған тәртібі. Тыйымы кеткен ұядан құт-қасиет қашады, тыюсыз кеткен қыздың болашағында тиянақ жоқ, кәдірсіз ағайын атанып, күні бұрын өзін күндікке байлау деген сөз. "Қыз күнінен қышынып" дейтін қыжырtpa осыдан қалған сияқты.

Біздің ауылға Бөде деген аппақ әдемі кемпір көшіп келді. Томпайған жалғыз немересі бар екен, өңірінен қаланың иісі аңқып тұратын. Біз үшін аудан орталығы да қала. "Дутыш" дейтұғын бәтіңкелі конкиді де соның аяғынан алғаш көрдік. Бойы шарғы болса да бірінші класқа менімен бірге барып еді. Біз оны мазақтап Бөдененің баласы деуші едік.

Бөде кемпір біздің үйде жиі болатын. Оразаның айында апам түн ортасында мені оятып алып:

— Бөде кемпірді шақырып кел, сәресін ішсін, жалғыз басты жетім ғой, — дейтін.

Бөде кемпір ұйқылы-ояу немересін арқалап келетін. Жалғыз немересі сәресіге қарауға шамасы жоқ. Бөде кемпірдің тізесінде томпайып ұйықтап қалатын. Екі кемпір сонан соң таусылмайтын ұзақ әңгімеге кететін еді. Екеуі төркіндес пе, тағдырлас па, оны кім сұрапты. Әйтеуір, менің сұрағаным:

— Апа осы әдемі кемпірдің аты неге Бөде?, — дегенім бар.

— Немене, ол кемпір менен де әдемі ме?

— Жоғә, тым аппақ екен... киімі де...

— Әдемі болып біз тағы да байға тиер деймісің, бәрі де ескінің жұрнағы ғой — деп шешем жүре жауап беретін. — Мен сияқты сиыр сауып, қозы теліп, боқ күреп жүрген жоқ. Кезінде байдың қызы еді, онан қаратаяқтың қатыны болды, жалғыз ұл Пин соғысында өлді, келін кетіп тынды, енді міне, қартайған шағында кәрі жетім болып отыр...

...Соғыстың орта кезінде ел ішіне аштық кірді. Мен аштықтың алғашқы суретін әдемі кемпірдің бетінен көріп едім. Апам мені үйінен шықпай жатып алған тәкәппар кемпірдің жайын білуге жиі жұмсар еді. Сондағы бар таситыным - бір шайлық сүт, бір асым картоп, аш өзекке ілмек болар ыдыс түбіндегі ырым... Ақыры, алдағы күнкөрістен үміт болмаған соң алыс бір ағайыны көшіріп алып кетті. Көшіп келгенде әжептәуір үй еді, көшіп бара жатқан Бөде кемпірдің бар жүгі өгіз шананың алқымынан асқан жоқ. Ескінің жұрнағы деген көлдей көйлек, оқалы бешпентке дейін, атлас көрпе, оюлы сырмақтар жарым шелек, бір шелек картоп пен қара сұлыға айырбасталып, кержақтардың иығы мен жамбасында қалып еді. Ақпанның сықырлаған сары аязында көне сеңсеңнің жағасынан көзі ғана жылтырап, жалғыз немересін бауырына басып, сатал-сатал өгіз шанада кете барған. Бөде кемпірдің боталаған қос жанарынан баяғы әдемілікті таппай қалдық... Оның Бөде деген

көптің пашпыртынан кездесе бермейтін сирек атын қайтып ел ішінен де естігенім жоқ. Сұрағанымда шешемнің бар айтқаны:

— Бәріміз де бөде болғанбыз, заманымызда біз де бөде үйді көргенбіз, оны қазір сұрап қайтесің, кезінде өзің-ақ түсіне жатарсың, — деген.

"Бөденің" не екенін түсінгенше анамның сүйегіне де қына шықты. Сөйтсем...

...Бүгінгі көмпіс тілге одағай көрінгенмен, көне тілде "Бөде" — "пәк" деген сөз екен. Мәңгүрт түгілі зиялы деген қауымның өзі де түсіне бермейтін төл сөзімізді орысшаға аударып барып мойындататын әдетке салсақ — "невинная", бұдан да дөкірлей түссек — "девственницаның" төте аудармасы деуге болады. Тілімізді қотыр қылатын бөтен сөз ана тіліміздің өлеңнен орбитін әуені мен тұңғық тереңіне қайдан жетсін!..

...Бір әнші "Бәдәуи" деп, енді бірі "Бөдеби" деп, үшіншісі "Бөтеуи" деп сан түрлі септеп жататын қазақта "Шәпибаяу" деген ән барын бесіктен білетін сияқтымыз. Неге екені белгісіз, баритон, бас біткен әншілеріміз күркіреп микрофонды жарғанда құлақтағы қырық жылғы қатып қалған құлығың да қақырап түсетіндей тұла бойыңды селкілдетеді...

"Дегенде Шәпибаяу, Шәпибаяу,
Атымды талға байлап, келдім жаяу.
Атымды талға байлап келгенімде,
Шәпи қыз отырса екен ұйқылы-ояу.
Аспанда ай сәулесі нұрын төгет,
Шәпи қыз сәлем айтып, келсін деп ет.
Шомылған айдын көлде аққудайын,
Бұраңбел сылаң етіп шыға келсе ет.
Ахау (?), хай-лам-ли-ләу, (?)
Ахау, хай-лам-ли-ләу,
Ахау хай-лам-ли-ләу,
Пай, пай, пай, пай, пай!
Бөдеби, бөдеби, арман-ай! (?)"

Әннің қазіргі айтылуы мен сөздің буын санына қарай орфографиялық кателерді автор әдейі жіберіп отыр.

...Төр жайлауға жетісімен бөде үй тіккен бай ауылының келімді-кетімдіден босағаны осы. Құда боламын деп ай бойы ат сабылтқан бергісі Алтайдың, арғысы Арқа мен Жетісудің Шәпи қыздан дәмесі бардың ішінде ығайы да, сығайы да жоқ емес. Жеті құрсақ көтерген бәйбішенің сүт кенжесі, әрі жалғыз болған соң кезінде бел құда, бесік құда болғысы келгендермен серттеспей, әкесі бұла боп өскен қызына бай таңдауды өз еркіне қалдырған. Он екіге толған соң бойжеткен қызы барын білдіріп оң жаққа бөде үй тігетін қазақтың байырғы салтын кешіктіру себебі де осыдан.

— Қыздың қызығы үйде, қылығы түзде, кәрі қыз атандырып, кәдірін түсіргің келмесе бөде үйінді тік те орнын тап! — деп жаналқымға алған бәйбіше.

Төркінім жуан деп тегімен жасқамай, алдынан кесе-көлденең өтіп көрмеген қыздай қосағын отағасы қатты сыйлайтын. Жеті құрсақтан кейін өзін-өзі төсектен тиып: "енді мені келіндермен жарыстырмай тоқал ал" деп қоймаған да бәйбіше.

Ығай мен сығайдың жөні бір басқа, "қыз көру" дейтұғын салтты сылтауратып қырыққа матап беретін қалыңы болмаса да апта бойы жырғалып жатып алған жат жұрт та бар, сүйек жаңартамыз деп келіп сымпиып қайтқан жекжат та бар, оның үстіне әкеге құда керек, бұла қызға тума керек, бірінің ұнатқанын екіншісі жақтырмай, төр жайлаудың өзін сары жұрт қылған ат аяғының, шіреніп жатып шырт түкіретін, жейтін ауыздың бай ауылының қазан-ошағына батқан шығыны да аз емес. Қайткенмен де көптен араласпай қалған ел іші мен ағайын-туғанның Шәпи қыздың арқасында бір жырғап қалғаны рас.

— Осы қыз керілмей кетсе екен! — деп соңынан құман көтере келген керіскедей тоқал отағасының қолына қоламтадан жаңа түскен шым-шым суды лақ еткізіп құя салды да ажырайып қараған күйеуінен өтірік жасқанған болып: ойбай көтек, байқамаппын ғой, — деп жаттың көзіне де қимайтын, керіліп жатса төсекке де симайтын керім бөксесімен отағасын бүйірінен бір түйіп өтті.

Бұған да кінә жоқ. Екі емшегі баладан, екі қолы шарадан босамайтын нардай қатынның шау тартатын шағы алыс болғанмен шаруадан шаршағаны рас, оған қоса келімді-кетімдіден босамай, отиесінің отау үйдің есігін көптен бергі ашпай кеткені және бар. Дәрет алған ерінің қасына ақжібек дамбалдың қос балағын қақ айырып жіберетіндей тарс жүгіне келіп, исіне келіп сүйкенуінде қамау тері бойында қалған тұмсаның назы да бар еді.

— Шыда, тасырым, шыда! Иығымыздан үлкен бір жүктің жартысы түсті, — деп отағасы шық бетін сыпыра сипап, қырқадан қылтиып келе жатқан күн кірпігіне, күн кірпігінен құлпырған тоқалының нарт жүзіне кезек кадалып отырды да алақанындағы суды бетіне шашып жіберді.

Тоқал шіркін селт еткен жоқ. Шыбындап келіп суатқа түскен бестідей рахаттанып, бетіндегі мөлтілдеген моншақты сілікпестен қағаздай аппақ алқымын күн кірпігіне сүйсіне тосып отырып қалған. Отағасы жұмсақ қана жымыды да:

— Жә, самаурынды үйге кіргіз, жозының қасына көрпе-жастық тастай салуды ұмытпа, — деп тоқалының тоқ балтырын сіңірлі саусақтарымен қарш еткізіп қапсыра мытып қалғанда, манаурап отырған келіншек шабына сида тиген асаудай "ойбай, шіркін!" деп атып кетті...

...Иықтан жарым жүктің түскені де рас. Серттескен жана құда: ел жайлаудан көшерде қырықжетіннің қақ жартысын малыңа қосып кетемін, — деп аттанған. Күйеу бала ұрын түскенше әлі бір жыл. Бір жыл бойы

бәйбішенің күні қызының етегін елдің өсегінен күргейлеп, бөде үйдің есігін күзетумен өтпек. Уәйім осы.

Қызыл іңірден жым-жырт тымпиып жата қалған отау үй жаққа іргеден құлақ түріп бәйбіше күрсініп салды. "Қатын неме!... Беті бүгін ашылғандай бай құшағынан мал түгендеп жатқан шығар!" Ошағы бөлек отын бөліспейді деген осы. Бір қызды он алты жыл шыбынға шақтырмай өсіріп, бодауына бопса да ала алмай, ақырғы азабына да жалғыз қалғанына назалы. Есік көзінен сыбдыр шыққандай болып еді, секем алған бәйбіше теріс қарап жатқан қызының іргесін қымтап тысқа жөнелді.

Тас төбеге шалқайып шығып алған ай табағы шаңқайып-ақ тұр екен. Шалғыны жығылып, оты қаша бастаған жайлау боз қыраудың астында тырс етпей тұншығып жатыр. Саяқ мойнындағы қоңырау да сыңғырынан жаңылып, қыр астынан қақалып естіледі. Әлдекім алақанымен іргеге сыпырып тастағандай орман қарасы тау бөктеріне барып тығылыпты да бүкір белдің жоны күмістей жалтырап жалаңаш қалыпты. Қолаттан ақселеу ат мінген салт біреу жортып шыққан сияқты еді, ай жүзіне жалт етті де жоқ болды. Айлы түнде ақселеу, айсыз түнде меңсіз қара мінетін ұры ма деп күдіктеніп бір тұрды да жайлау тыныш, жылқы бырдай боп жатқан соң бәйбіше етегін қағып бөде үйге қайта беттеген.

Сықырлауықты аша беріп отау жаққа тағы да бір көз тастады. Боз қыраудан бүрісіп етек-жеңін қымтап алған боз үй жым-жырт тымпиып отыр екен. Қырықтан енді асып, көңілі қызықтан суи қоймаған бәйбіше қаншама кең болғанымен көкірегін бір қызғаныш тырнап өтті де тағы да күрсініп салды: "қатыннан басқаға қыры жоқ қырт неме" қырықжетінің басын қайырдым деп жау түсіргендей жатқанын!.." Бұл да әншейін айтарға ғана. Ар жағында зілі жоқ. Отау шығып кеткен алты ұлдың ортасында бәйбіше болып қоныс тауып отыра алмады. Бесігінен атастырып, он бес жасынан иісін алып қалған құдай қосқан жарының көкірегінен ыстық дүние жоқ екен. Өмірі ищай десіп көрмеген отағасы күні бүгінге дейін бетіне ожырайып қараған емес. Аллаға шүкір, есігіне берік, еліне беделді... Бүгін болмаса ертең жат, өзегін жарып шыққан сүт кенжесінің қасынан да бәйбіше байқұс жылу таппады...

Бөде үй тігілгенше Шәпи қыз: "осы мен байға тиемін-ау, бала сүйемін-ау" деп ойлаған жоқ-ты. Бұл шіркіннің ағашын Арғанатының талынан тасытып, бау-шуын шеше байқұс бес жыл бойы әзірлетіп еді. Бес жыл бойы құлағына құйғаны: ертең сен жат жұрттық боласың, басыңа жаулық, балағыңа тұсау түседі деген сияқты ұрғашының қазан-ошақтан аспайтын жаяу ақылы. Соның бірін де қаперіне алмапты-ау. Он алты жасына дейін ер балаша киініп, тайға жайдақ мініп, асаудың құлағында ойнаған еркетотай той-томалаққа да әкесінен екі елі қалмай салақтап, үйде шеше барын ұмытыпты. Ердің ұлысы да, ұрттысы да әке, бұл дүниеде әкеден басқа адам бар деп ойлаған емес, үйде де, түзде де екеуінің әзілі еріккеннің езуін жидырмапты. Осы нар тоқал келгенше әкенің қамшысын да ешкімге

ұстатпай, көрпе-жастығына да таласатын еді. Бәйбішені бай төсегінен қуып шыққан да осы сүт кенже.

Шешенің қоңыраулы сандығында да түп жоқ екен. Қаттап салған қыз киімінің біреуі де Шәпи қызға ұнаған жоқ, иыққа қонбайтын, тәнге жуыспайтын біртүрлі салқын да жат көрінген. Басынан ноқта түскен марка құлындай қаншама тапырандағанмен қайда қашарсың. Бәйбіше мен нар тоқал қолтығынан алып бөде үйге быссымылла деп жетелей жөнелгенде түрмеге әкетіп бара жатқандай тартынып, артында қалған кең дүниеге айналып бір қараған, ат ерттеген болып қаракердің сағалдырығынан сығалап тұрған әке жанарынан жас көрді...

"Осы мен кімге тиемін?" деген сұрау бөде үйге кірген соң қақ маңдайдан қамшымен оскандай Шәпи қыздың тұла бойын дүр еткізіп, үрей мен белгісіз бір тәтті сезімді қабаттап, балалық шақтың алаңсыз ұйқысынан шошытып оятқан. "Көңілінде біреу бар ма?" деген шеше сауалына да жауап бере алмай, әке жанарынан мөлт еткен жасты есіне алды да: "көкемнің өзі шешеді ғой" дей салды. Туған төлі қаншама қымбат болғанмен әкеге қолын да, жолын да ұзартатын жұрағат керек екенін қыз байқұс қайдан білсін.

Оңаша қалғанда ойына бірінші түскені Әсем болды. "Әсем деп қыздың атын қалай қойған, сен осы шынында қыз шығарсың, шалбарыңды шешші" деп әзілдейтін еді. "Сен еркекше киінді деп қыз атаулы еркекшора боп кетті деймісің, онда екеуміз де шешінілік" деп ол да әзілмен құтылатын. Әншейінде аузы ашылса беті қызаратын ұяң жігіт той-думанда сауық пен салтанаттың көркі еді. Ол ән салғанда өлеңші көп дарылдақ көпшігін қысып айдалада қалатын. Бұл іздемесе де топтың ішінен ол іздеп келіп, орамал лақтырсында айып тартып, әнге қарыздар болған Шәпиді көтермелей жөнелетін көрікті жігіттің қашанда қасынан табылғанын бұл да мақтаньш тұтатын. Бірақ, әзіл-оспағы жарасқанмен сезім түкпіріне барысқан жоқ, түбі бір аңсарым ауады-ау деп ойламап еді.

Бөде үй тігілгелі Әсем екі-үш дүркін келіп кетті. Сыйлы қонақтардың көңілін аулаған болып, ара-тұра ән салып, үй иесі мен қыз бағасын көтергені болмаса көңілін ашып тіс жарған жоқ. Оқта-текте, оңаша көзі түсе қалғанда қимастықпен езіліп қарайтынын Шәпи сезген. Содан бері құдалыққа кісі неге салмайды деп іштей күйінетін. Содан бері оңаша үйде жатып сырттай сағынатынды шығарды. Бірақ, әке де, шеше де оның келіп-кеткенін елеген емес, бай ауылының иті де оған үрмейтін сияқты.

Әуелде дәмелі жігіттердің көбі бұған мазақы көрінген. Осылар да маған бола ат сабылтып жүр-ау деген түйсік миына кіріп-шықса нағылсын. Қызының көңілі толмағанын көзінен танитын әке сыйлы қонақтарын сыпайы ғана аттандырып, кәдесін алмай, уәдесін бермей үнсіз қалатын.

— Әй, қаншық, жаттың тақымын, жақынның ақылын тоздыратын болдың ғой! — деп бір күні нар тоқал бас салды. — Алтай мен Алатаудың арасын бұтыңа түгел сиғызайын деп пе едің?! Бүгін маркасқаларды

менсінбегенде, ертең бетіңе қарайтын есіктегі құл-құтаннан басқа ешкім таппай қалып жүрме!..

Шәпи қыздың күткені Әсем еді. Одан хабар болмады. Қалыңсыз қыз болса да кәдесіз қыз жоқ. Бай тұқымымен терезе теңестіретін дәулеті болмаған соң мысы құрып жүр деген өсекті еміс-еміс естіген. Нар тоқалдың тақымдап кеткені қамшы болды ма, әлде бұйырғаны сол ма, ұзамай аяқ астынан Жомарт сап ете қалды. Марқа жақтан төр жайлауда түйісіп келіп отырған Ергенектінің игі-жақсыларының жуаны болса керек, аттан түспей жатып апалап еді, қарға тамырлы қазақ ақыры бәйбішенің төркіндерінен боп шықты. Екеуі де шоқша қара сақалды такаббарлау кесек жандар екен, екеуі де сирек кездесетін ер мұрынды көрікті адамдар сияқты көрінді. Ұрғашының әдемісі едім демесе де өзін көрінген қотиынға қимайтын әсершіл қыз көңілі үліп ете қалған. Содан бір тәулік бойы көзге түспей сарғайтты. Қашып кететіндей бөде үйге қамап ұстап отырғандарына да қамығып, сегіз қанатқа да сыймай ширықсын. Әйтеуір нар тоқал келіп:

— Құдай берді! Бағың бар екен, қыңқ етпе! — деп жерден Мәді шыққандай жайлаудың жеті қат желін ала кірді де, — Мынау күйеудің табағынан! - деп төс қасқаның таңқиған мүжуірін итке сүйек лақтырғандай тарс еткіп тастап кеткен.

Күйеу бала немесі шақыртпай-ақ, именбей-ақ, бөде үйге мың кіріп, мың шығып жүргендей-ақ киіп-жарып өзі келген. Елде жоқ әдетпен Жомарт деп танысып қолын созғанда күректтей алақанға сүйріктей саусақтарын қалай тастап жібергенін қыз байғұс білмей де қалды. Бірақ, сескенген жоқ, қайнап тұрған ыстық алақаннан башпайына дейін бу тарағандай тұла бойы балқып, жігіттің өзі босатқанша қолын тартып алмады. Ұнатқаны рас, тек тамсанған жоқ, құлап та қалмады. Ежелгі еркелігі ме, әлде аяқ астынан кесірлік қысты ма, бірден сенге көшіп:

— Мынау сақалыңды сыпырып таста! — деді. — Сүйісе қалсақ ерініңді таппай қалып жүрермін. Оның үстіне, әкеңнен бір айырмаң болсын да, әйтпесе қайсыңа тигенімді білмей шатастырып алармын!..

Жігіт күлді. Күлкісі жайдары екен. Кәдімгі сыпайының күлкісі. Осы күлкісімен арадағы жаттықтың кермесін үзіп, жалғанды кеңейтіп салғандай болған.

— Кәрісің деп тұрсыз ғой? Кәрі болсам қайтейін, көп болса сіздің бой жеткеніңізді күткен шығармын. Оған қоса оқу деген мал шықты. Омбыда омалып төрт жыл отырдым.

— Мен сенің жасыңды сұрадым ба? Абайсызда сақалыңа қолым тиіп кетсе обал ғой дегенім де.

— Алақаным дөкір болғанмен сақалым жібектей, қызықтыратын көп өнерім болмаған соң қыз шіркінді қытықтайтын да бір нәрсенің бойда жүргені жақсы ғой, - деп ежелден таныс адамдай, осы үй түбі менікі-ау дегендей қысылмастан төрге барып отырды. — Кешеден бері босағада қалып,

кірген-шыққанның кебісін санап едім, ұлықсат болса біздің бөксеміз де көрпе иіскесін...

Қыз мұнысын да ерсі көрмеді. Жігіт дүниеге көз салған жоқ. Тек түскііздің бетінде ілулі тұрған үкілі домбыраны көргенде көзінің қиығы үшкірленіп:

— Мынау біздің елдің домбырасы ғой! — деп ұмтылып барып қайта отырды.

— Мал танығыш екенсің.

— Бұ жақта қайыңнан ойып жасаушы еді, мынау құрама екен.

— Ағашы көп ел ойып жасайды, ағашы жоқ ел шөмшектен жонып жасайды да.

— Адамын қиса ағашын да аямас, қыздан қымбат емес қой. Сынағысы келген Шәпи қыз домбырасын жігіт қолына ұстатқан. Саймақтың "Сары өзенін" сарнатқан Жомарт "Айрауықтың ащы күйімен" қайырып, сындырып алатындай домбыраны еппен апарып орнына ілді. Шанаққа сыймаған добалдай саусақтардан ащы зардың қалай шыққанына таң қалған Шәпи қыз жігіт жүзінен көз алмай ұзақ қадалып еді...

...Сонан бері ән мен күй қыз құлағында қоса жарысып, бірде Әсем, бірде Жомарт болып елестеп көз алдынан кетпеген. Кәзір де қос әуен мен қос елес кірпігін күзеткендей маза бермей, от жаққа тоңқайып келіп көлденең түскен қу шешені тоңқарып тастап, айлы түнге атып шыққысы келіп-ақ жатыр.

Әсемге көрініп қана кетсін деп сәлем жолдаған. Бейбастық ойы да жоқ, бөде шақтың таусылып, бөтен төсекке ауысарда бейкүнә күндердің тәтті белгісіндей жатжұртқа ала кететін көңілімде бір сағынышым болса екен деп еді. Оң босағаны тастап кетердегі қыз байғұстың алғашқы мұңы да осы сағыныш екен-ау. Сол сағыныштың өмір-бақи есте жүретін суреті әке де емес, шеше де емес Әсем сияқты көрінген. Қыр астынан құмығып ән естілгенде қыз жүрегі бұлқынып түсті. Бәйбіше де от жаққа аунап түсті.

— Жағың қарысқыр, жеті түнде зарлаған қай бассыз болды екен?!

— Осы мені байға емес, бақиға жіберейін деп жатқаннан саумысың?!

"Іштен шыққан шұбар жыланнан" алғаш рет көңілі қалды. "Мына албасты не деп жатыр?!". Алты алашқа жар салып, бөде үй тіктім дегенде ертең абыройсыз шығып жүрсең артындағы ата-ана ғана емес, рулы елдің жерге қарап қаларын сен мұңдар білемісің! Әкең жақсы болса да шешең мықты, ит жалап кеткен ыдыстай көрінген тебетін қар басыңды қайда апарып тығарсың?! Онан соңғы ғұмырың қатыны өлген біреудің босағасына қор болып кіріп, мықтағанда саркідір шалға тоқал боп, күң болып күнің өтпесіне кім кепіл?!. Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада...

...Атымды талға байлап келгенімде,

Шәпи қыз отырса екен ұйқылы-ояу.

Айхай, қайран дүние-ай,

Айхай, қайран дүние-ай,

Айхай, қайран дүние-ай,

Пай, пай, пай, пай, пай!

Бөде үй, бөде үй, арман-ай!..

..."Бұраңбел сылаң етіп шыға келер" деген үмітпен тауы қайтпаған бозбала ақселеу атты талға байлап ақ боз үйге асыққан. Асыққанмен алып-ұшқан көңіліне жауап берген жар болмады. Ит түгілі маңайына мал жуытпайтын кірпияз ауыл тым-тырыс. Боз аспанның астында іргесін боз қыраумен қымтанып, ай жүзіне шырт түкіріп, түндігін асқар таумен таластырғандай шалқайып отырған бөде үйдің аузы-мұрны жоқ сияқты. Ынтызар көңілдің ындығын басқан да осы бір такаббар тыныштық еді. Жастық қиялдың байлықтың паңдығымен жарыса алмайтынын да осы сәт түсінген. Таяқ тастамдағы бөде үйге жете алмай, жуандықтан басқа кеуде сыймайтын тар босағадан өте алмай, жігері құм, арманы айрандай бұзылған қайран жігіт бозбала таңды есік көзінде күтіп еді. Екі көзін бөде үйдің есігінде қалдырып, ақселеу атқа арманының сарқытын ғана алып қайтқан.

Жары Құдай демесең жалғыз атты саяқтың жалғыздықтан басқа жолдасы бар ма. Шешенді алып қашып мен келгенде етегін тосқан ел еді, енді соның жалғыз қызын алып қашып сен кеткенде қайда барып сиясың? Алдында пана болар ағайын жоқ, артыңда айыбыңды жабар дәрмен де жоқ, алаштың шырқын бұзба, Алланың ырқына көн, көп болса ерке қыздың көңілін қалдырарсың деп еді-ау. Атасы басқаға өнерімен ғана сиып отырған келімсек әкенің осы ақылын да тыңдамай, қыз шақырды деген соң алды-артына қарамай аңыратып жеткен...

...Шаңқайып туған шақар айдың күміс табағы бозбала таңның сап тыныштығын тастап кете алмай боз аспанның етегіне ілініп қалған екен. Тау бөктерінің ымырты қоюлап, қолат-қолатқа тығылған үркек орманды сарнатып сүмбіленің салқын самалы есті. Арқан бойынан ұзай алмай үйездеп қалған үркек шоғын бетке алып сумаң қаққан ақселеу аттың соңында боз қыраудың сүбесін сөгіп із қалды. Бетегелі боз белде боз қырауға мелдектеп отырған ақ боз үйдің бетпақ түндігін жыртып, ен жайлауды аңыратып ән қалды... "Айхай, қайран дүние-ай!.. Бөде үй, бөде үй, арман-ай!.."

...Ен жайлау мен сахараға сыймаған қазақтың қайран әні эстрадаға келіп тығылып, етегін жемір бұзау жалмап кеткен жыртық көйлекті жарыместеу селкілдек әншінің аузынан шыққанда құлағыңды басып тұра қашқың келеді. Бөде үйден бөдеби болып, бөдебиден бәдәуи болып қаңғып кеткен қазақтың қайран сөзін естігенде қыз отырған бөде үйге емес, шарапхананың лашығына кіріп кеткендей боласың...

...Байы бүгін өлгендей, қолаңса шашты шашып тастап, тылтиған тұсақ бөксені тылтима дамбалмен таңып тастап, митың-митың жорғалаған қысыр бикештерді көргенде менің есіме Бөде кемпір түседі... Бөде дүние біздерден алыстап кеткен екен-ау.

Фәниден көңілі қалған бөделер әжелерімізбен, аналарымызбен бірге бақиға аттанып кеткен жоқ па?..

Кітаппен танысқаннан кейін, оның қағаз нұсқасын сатып алуды ұмытпаңыз!

Сайттағы барлық кітаптар тек танысу мақсатында ұсынылған.

Кітапті жүктеп, мазмұнымен танысқан соң, Сіз оны қалдырмай, жоюға тиіссіз.

Кітаптың мәтінін көшіре және сақтай отырып, Сіз авторлық және аралас құқықтар туралы заңға сәйкес, барлық жауапкершілікті өз мойныңызға аласыз.

Сайт әкімшілігі пайдаланушыларды кітаптарға заңды жолмен қол жеткізуге шақырады.